Ushqyr oıla! Bıikke samǵa! Álemdi sharla!



# Farabı shákirti

№10
ҚАЗАН
2024

@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,**
**Қазақстан Республикасының Президенті:**



«Мұғалімнің мәртебесі қашанда бәрінен биік. Ұлы тұлғалардың өзі ұстазының алдында шәкірт болып қала береді. Бір сөзбен айтсақ, барша жетістіктің бастауында ұстаз тұр. Ұлттың болашағы – ұстаздың қолында. Менің мақсатым – ұстазды қоғамымыздың басты кейіпкері ретінде дәріптеу. Себебі сіздер бала оқыту арқылы келешектің кірпішін қалайсыздар. Қазақстанның дамыған ел болуына зор үлес қосып жүрсіздер. Сіздердің табанды еңбектеріңіз ерекше құрмет пен жоғары марапатқа лайық.

Менің тапсырмаммен «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. Бұл құжат ұстаздардың заңды мүддесі мен құқықтарын қорғауға ықпал етті. Қазір мұғалімдер мен тәрбиешілердің жалақысы айтарлықтай көбейді. Олар негізгі қызметіне кедергі келтіретін артық міндеттерден босатылды. Осы заңға сәйкес «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы енгізілді. Бұл - жай атақ емес, мәртебелі мемлекеттік награда. Оның иегеріне қомақты сыйақы беріледі».

**(Президенттің мұғалімдерді кәсіби мерекесімен құттықтауында сөйлеген сөзінен: 2024 жылғы 05 қазан, Akorda.kz)**

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

**№10(62) қазан 2024**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
**Тамила ИБРАГИМОВА**
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: + 7 701 730 9312
**E-mail: farabi_shakirti@mail.ru**

**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839 Астана к. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

# Дінмұхаммед Қонаевтың нақыл сөздері



*Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда!

*Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген.

*Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.

*Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады.

*Жиырмасыншы ғасыр таңғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасірет ғасыры.

*Адам айнасы - адам.

*Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.

*Адамға жазаның ең үлкені - жұмыссыз қалдыру.

*Ақиқаттан - арға сын.

*Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама.

*Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды.

*Бүгінгі күн - кешегі күннің шәкірті.

*Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын.

*Сенім - құдіретті күш: тауды да қозғайды.

*Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте.

*Орынды сын ойлантпай қоймайды.

*Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.

*Жалада шындық болмайды.



**Д.А. Қонаев, әкесі Меңліахмед Жұмабайұлы және анасы Зәуре Байырқызы.**
**Сурет: Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты.**

*Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді.

Абыройдан ақ отау тіктім деген кісінің пенделігі аз болмайды.

**Bilim-all.kz**

**Тұманбай Молдағалиев**

## Туған жерге

Күнім сенсің, тас төбемде тұрса түн,
Анам сенсің, жолдан тайсам, ұрсатын.
Саған қарай ұлып келем, туған жер,
Көктем жаққа құстар солай ұшатын.
Сенде көктем, сенде алма ағаш гүлі бар,
Аспанында аяулы елдің жыры бар.
Ақсұңқарың қанша биік ұшса да,
Саған келер, саған келіп жығылар.
О, туған жер, қадіріңді кім білген,
Мен қырыңнан теруші едім бүлдірген.
Сенде өткізген артық екен бір күнім,
Басқа жерде той тойламаған мың күннен.
Қайда жүрсем, ойлап сені жүремін,
Сүйікті елім, момын елім, ұлы елім.
Саған ғана арқамды мен сүйедім,
Саған ғана аяғымды тіредім.
Кетсем сенен арысырақ жыраққа,
Мен өзіңді көрмесем – ақ бір апта,
Жүдеп қалам, ұқсап қалам сонда мен
Құяр жерін таба алмаған бұлаққа.
Ақ қайыңдар, көк теректер, тыңдаңдар,
Жеңешелер, қарындастар, туғандар,
Көріңдер, қарсы алдымнан шығыңдар,
Менде сендер оқымаған жырлар бар.
Әкел маған тұлпар атты ең мықты,
Көрсін дүние жүйріктікті, ерлікті,
Кең далада қалсын бойым жазылып,
Кең далада қалсын бойым жазылып,
Кең далада үйреніп ем кеңдікті.
Дәмем де зор үлбіреген гүліңнен,
Осы сенен қаламадым бүгін мен.
Қажетіңді аша алмасам егерде,
Қиып таста көктетпей – ақ түбімнен.

**Жұматай Жақыпбаев**

## Туған жерге

Туған жерім, сені ғана түсінем,
Судың емес, қайнарысың күшті әннің.
Жабайы алма, жасыл шетен ішінен,
Тамылжиды таңғы арманы құстардың.
Аршалыдан алты қанат үйлер кеп,
Бас үйткен де, шақырған ба көп елді?
Үнді үйреткен әбжыландай ирең деп,
Ақ түтіндер көк түбіне жөнелді.
Аралайтын ағаштардың мың түрін,
Жас сұлудай көп болатын селтеңі, –
Қусақ суы аспабындай күлкінің,
Бір сәбидің сықылығын шертеді.
Туған жерім, әлемдегі ел түрлі,
Таңдай қаға қарауы үшін мың сан күн,
Әспеттеуге, бейнелеуге көркіңді,
Тілімнің бар акварелін жұмсармын.

**Өтеген Нұрмағамбетов**

## Тірегім сен - Туған жер

Сағындым бұлттар көшкен аспаныңды,
Шайқалған самалымен жас талыңды.
Қайдасың, қол бұлғаған биіктерім,
Жосылған көз ұшында киіктерім?
Жусан иісі аңқыған көк орай бел,
Шулаған қамыстары айдынды көл.
Қызарып қырдан асып бататын күн,
Жымыңдап жұлдыздары жататын түн.
Көрдің бе алма ағаштың бүр жарғанын?
Есімде сол жайында жыр жазғаным.
Қалықтап қаздар ұшып бара жатыр,
Атын ұстап, ерттеді бала батыр.

**Кеңесжан Шалқарұлы**

## Мен туған жердің белгісі

Мен туған жерде
Бар еді қыстау ескірген,
Табушы едім, сұрамастан-ақ ешкімнен.
Солардың бәрі жағалай құлап бітіпті,
Үстінен таптап, жол салып талай көш жүрген.
Мен туған жерде бар еді терек көктеген,
Бала кезде оған торғайкөз дәнді төккен ем.
Көзіме сонда көрінуші еді, ой, алла-ай!
Тұрғандай бейне көкпенен тілдесіп
Көрінуші еді көкпенен биік тілдесіп,
Білінуші еді келе жатқандай күнде өсіп.
Жым-жылас орны,



Семдірсін Құдай Тағала!
Айтарым осы, әкетсе теректі кім кесіп.
Мен туған жерде жоқ еді белгі басқа көп,
Тал әкеп ексем, боламын тағы босқа әлек.
Белгісіз болып кетсе де мәңгі
Ақтаудан.
Белгі етіп жаңа,
Қоялман мәрмәр тасты әкеп.
Жоқ Белгі енді!
Мен туған жерде көретін.
Ойланып тұрмын.
Ойымды соған бөлемін.
Қыстаудай үгіп,
Теректей бөліп ала алмас,
Мен туған жердің
Белгісі осы өлеңім.

**Серік Тұрғынбеков**

## *Туған жер дала, белдері...*

Туған жер дала, белдері,
Шаршамай талай шарлаған.
Тыңдамай өтер кермені
Ендігі тұлпар мен болам.
Туған жер өзен, көлдері,
Көздерді талай арбаған.
Демей бер дәйім сен мені,
Ендігі сұңқар мен болам.
Туған жер жасыл жайлауы,
Сыйландар гүлді елге әман.
Сарқылмай жатқан қайнары
Ендігі бұлақ мен болам.
Ырғалып тұрған қырдағы,
Ендігі құрақ мен болам,
Жарқырап жанар шыңдағы
Ендігі шырақ мен болам.
Туған жер дауыл, желдері,
Тірліктің күйін толғаған.
Еңсесі биік елдегі
Ендігі ақын мен болам.

**Жарылқасын Аманұлы**

## *Туған жер, айналайын, Қызылжарым*

Туған жер, айналайын, Қызылжарым,
Өзіңсің өзектегі жырым да әнім.
Қия алмай жыл құсындай қайтып барам,
Бұйырар енді қашан тұзың-дәмің?
Ақ сағым ақ шәлің боп желпілдейді,
Жанарда бір тамшы жас мөлтілдейді.
Ыстығы-ай туған жердің, адам түгіл,
Аң, құс та жат өлкені жерсінбейді.
Төсіңде ізім қалды шиырлаған,
Жарысып жүйрік мініп құйындаған.
Өмірлік сені арқалап өтер едім,
Құшаққа сыяр болсаң, қиыр далам.
Жетісу – бабам туған мекен екен,
Суы бал, жемістері шекер екен.
Болса да жер жәннаты, саған бірақ,
Теңеуім басқа жерді бекер екен.
Шықпадың түсімнен де,
Есімнен де.
Кіндіктен қан тамған жер кесілгенде,
Қонды ұшып Алатауға балапаның,
Самға деп өсірдің ғой, өсіргенде.

**Дереккөзі: Zharar.inao; Bilimall.kz, Aldaspaninfo.kz**



2024 жылғы 29 қазан
Моңғолия, Ұлан-Батыр қаласы

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ухнаагийн Хурэлсухпен кездесті. Келіссөздерге дейін Үкімет үйі алдындағы Сухэ-Батыр алаңында ресми қарсы алу рәсімі өтті.**



# ҚАЗАҚСТАН МЕН МОҢҒОЛИЯ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қазақстан Президентін алаңда құрмет қарауылы және сауыт киген салт атты моңғол жауынгерлері қарсы алды. Құрмет қарауылы бастығының рапортынан кейін екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Содан соң мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық көрсеткені үшін Ухнаагийн Хурэлсухке ризашылық білдіріп, өзінің Мемлекет басшысы ретіндегі Моңғолияға алғашқы сапарына ерекше мән беретінін атап өтті.



Мемлекет басшысының айтуынша, Моңғолия – Қазақстанның маңызды серіктестерінің бірі. Қос халықтың дәстүрі мен мәдени-тарихи тамыры ортақ.

– Құрметті Президент, бүгін Сіздің шақыруыңыз бойынша Моңғолияға мемлекеттік сапармен келіп отырмын. Маған және Қазақстан делегациясына, бұл – үлкен құрмет. Бүгін біз екіжақты маңызды құжаттарға, соның ішінде Қазақстан мен Моңғолия арасында стратегиялық серіктестік орнату туралы декларацияға қол қоямыз. Бұл қадам елдеріміздің барлық деңгейдегі ықпалдастығын жандандыруға арқау болмақ. Сондай-ақ қос халықтың игілігі үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Ухнаагийн Хурэлсух Қазақстан Президентінің Моңғолияға





мемлекеттік сапары екіжақты ынтымақтастықты мүлдем жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

— Шын мәнінде, екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 30 жылдан асты. Қазақстан Президентінің Моңғолияға мемлекеттік сапары соңғы рет осыдан 16 жыл бұрын болған еді. Еліміз Сіздің бүгінгі сапарыңызды екіжақты ынтымақтастықтың таяу жылдардағы перспективті бағыттарын айқындайтын мезет ретінде қарастырады. Бұл сапар екі елдің қарым-қатынасын стратегиялық серіктестік деңгейге шығару тұрғысынан өте маңызды, – деді Моңғолия Президенті.

Мазмұнды әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары саяси, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамыту перспективасына айрықша мән берді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы, тау-кен және металлургия кешені, энергетика, көлік-логистика, қаржы салаларындағы қарым-қатынас мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен жобалар мен қол қойылған құжаттарды сапалы жүзеге асырудың мәні зор екенін атап өтті.

Президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, соның ішінде көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты. Кездесу соңында Моңғолия Президенті Мемлекет басшысына 60 мыңнан астам сөз енген Қазақ-моңғол сөздігін сыйға тартты.

**Akorda.kz**







# МЕМЛЕКЕТТІК КЕҢЕСШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАЛАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Ерлан Қарин Президент тапсырмасына сәйкес халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін қабылдады.

Мемлекеттік кеңесші кездесуде қазақстандық оқушылардың жыл сайын көптеген халықаралық білім додасында топ жарып жүргенін атап өтті. Биыл өрендеріміз әлемнің түрлі елінде өткен пәндік олимпиадаларда 26 медаль иеленіп, ел абыройын асқақтатты. Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші Президенттің жақында өткен Депутаттар форумында сөйлеген сөзінде жұртшылықты спортшыларға ғана емес, зияткерлік сайыстардың жеңімпаздарына да лайықты құрмет көрсетуге шақырғанын еске салды. Оның айтуынша, 2022 жылдан бастап Мемлекет басшысының бастамасымен халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздарына және олардың ұстаздарына ақшалай сыйлық табысталады.

Бұл ретте Қазақстан – білім олимпиадасы жүлдегерлеріне осындай қолдау көрсететін санаулы елдің бірі. Мемлекеттік кеңесші Қазақстанда жастарға өзін жан-жақты жетілдіруге барлық жағдай жасалғанына, әсіресе, өскелең ұрпақ үшін білім мен ғылым саласында мол мүмкіндік бар екеніне назар аударды. Ұлттық құрылтай отырыстарының бірінде Мемлекет басшысы білім, ғылым және мәдениет саласын рухани дамудың мызғымас үштағаны және ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың негізі деп айтқан болатын. Кездесу соңында Ерлан Қарин олимпиада жеңімпаздарына жылы лебізін білдірді. Олардың қажырлы еңбек, жасампаздық пен жаңашылдық арқылы ел жастарына үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін атап өтті.

**ОАМ ресми сайтынан**



# 50 шақты дәрігер – бір мектептің түлегі

Түркістан облысының Келес ауданына қарасты №28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебінен 1933 жылдан бері 50 дәрігер шыққан, деп хабарлайды Egemen.kz.

Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен мәлім болды.

50 дәрігердің қатарында жаңа туған нәрестелерге ота жасайтын Қазақстандағы санаулы кардиохирургтың бірі - Беркін Туркулов, «Сарыағаш» шипажайлардың бірінің бас дәрігері - Мұстафа Бурабаев, білікті УДЗ дәрігері -Артықбек Керімбердиев, Жезқазған қалалық ауруханасында істейтін онестезиолог-реаниматолог - Ілес Нұрғазы, оториноларинголог - Ерғали Асанов сияқты тағы басқа білікті дәрігерлер еліміздің түкпір-түкпірінде медицина саласында қызмет етіп жүр. Олардың барлығы аталған мектепті тәмамдаған.

Директор орынбасарының айтуынша, басқа да салалардағы түлектерімен мақтанатын осынау



мектепте медицина саласын таңдаған оқушылар көп.

Айта кетсек, қазіргі уақытта 78 мұғалім сабақ беретін аталған білім ордасында 600-ден астам бала оқиды.

**Egemen.kz.**

**Фото: Түркістан облысы әкімдігі**

## ТҮРКІСТАН: КЕЛЕСТЕГІ МЕКТЕП АУЛАСЫНАН 1353 ЖЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ҚОЛ ДИІРМЕНІ ТАБЫЛҒАН

Келес ауданы білім бөліміне қарасты №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің тарихи-археологиялық мұражайында мектеп ауласынан табылған құнды жәдігерлер жетерлік. Соның ішінде 1353 жылы тастан жасалған қол диірмендерін де атап өту керек.

Мектеп басшысының мәлімдеуінше, мұражайда XVIII-XIX ғасырларға тиесері ағаш шоқпар мен ожау, ежелгі қаңлы дәуіріне тиесері саз балшықтан жасалған құмыралар мен ыдыстар бар. Сондай-ақ сөрелерге көне монеталар мен қоладан жасалған шәйнек, кесе секілді тұрмыстық заттар қойылған екен.

—Жүзімдік ауылында орналасқан мектеп ауласына 1985-1986 жылдары археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Жалпы аумағы 68 шаршы метрді құрайтын мұражай екі бөлмеден тұрады. Экспозициялық бөлменің аумағы – 56 шаршы метр. Мұражайда жалпы 152 экспонат бар. Балалар қазіргі таңда осы жәдігерлерді зерттеп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жазуда, – дейді мектеп директоры Ақмарал Қамбарова.

Ұстаздардың айтуынша, қазіргі кезде де мектеп ауласында, ауыл маңында көптеген жәдігерлерді кездестіруге болады. Тарихшы мамандардың қорытындысына сәйкес, осы аймақтан табылған тарихи экспонаттар біздің заманымыздың I-XIII ғасырлардағы Қаңлы мемлекеті мен Қарахан мемлекеті кезеңдеріне жатады.

**Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі**





# Бақытқа бөленген ұстаз

**Жетісу облысы, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», «Білім беру ісінің үздігі», зейнеткер - ұстаз Нұркүміс Әміренова атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті ашылды. Н.Әміренова 1981 жылы Қаракемер орта мектебіне директорлыққа тағайындалып, аталған білім ұясына 22 жыл басшылық жасады.**

1978 жылы Мәскеуде өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық ІІІ съезіне Ақсу ауданынан делегат болып қатысып, еліміз ұстаздарының абыройын асқақтатып қайтқаны қазір бізге аңыз іспетті

Адам баласы, әлемнің қай елінде болмасын мектеп бітірген түлектердің қай-қайсысы да бәрінен бұрын ата-анасына, одан кейін білім беріп, өмірге қанат қақтырған ұстаздарына алғыс айтып, ризашылық білдіреді. Бұл игі іс Жетісу облысы, Ақсу ауданының Қаракемер орта мектебіне де тиесілі. Аядай ауыл мектебінен түлеп ұшқан шәкірттер жоғары және орта білім алып, жүрек қалаған мамандығымен ең алдымен өзінің туып-өскен жеріне қызмет етіп, кейінгі ұрпаққа өнеге көрсетіп келеді. Туған жерін гүлдендіріп келе жатқан ауыл перзенттері ішінде болашағымыздың білімді ұрпақтарын оқытып, тәрбиелеп келе жатқан ұстаздардың үлесі де қомақты екеніне қуанамын. Себебі, өзім де мектебіме оралып, мамандықтардың киелісі саналатын мұғалімімін.





Әр мектептің өз дәстүрі бар. Соның бірі – аға ұрпақтың еңбек жолындағы жетістігін жасөспірімдер алдында дәріптеп, құрмет көрсету. Ортамызға шақырып, Отанға адалдық, туған жерге деген шынайы сүйіспеншілігін, еңбек жолында кездескен қиындықты жеңіп, жетістікке жеткен өмірлік тәжірибелерін бөлісуді ұйымдастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының маңызды бір буыны. Ауылға ғана емес, аудан мен облысқа, республикамызға ерен еңбегімен танылған ауыл азаматтары аз емес. Сондай игі істердің бірі – Әміренова Нұркүміс ұстаздың атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің ашылуын айтар едім. Н.Әмірснованың шәкірттерінің бірі ретінде, ұстаз жолын жалғастырған ізбасары ретінде кабинет ашу ісін тұтастай өзім бастап, ұйымдастырдым. Мектеп директоры Ерғали Әбішұлының бастамасын барлық мұғалімдер қолдап, көмектерін аямады.

Аядай ғана ауылдың мұғалімі Әміренова Нұркүміс Әмірқызының өмір жолына үңілсек, 1945 жылы сәуір айының 2-жұлдызында Талдықорған (қазіргі Жетісу) облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылында дүниеге







келген. 1951 жылы Тесіктоған ауылындағы жеті жылдық мектебінің 1-сыныбына барады. 1961 жылы Ақсу ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіреді. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1963 жылдан бастап, ұстаздық мамандықты қалап, Қызылтаң сегіз жылдық мектебіне аға пионер вожатый болып, жұмысқа орналасады.

1966 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Педагогикалық институттының «Филология» факультетіне оқуға түсіп, 1971 жылы бітіріп шығады. 1972 жылдан бастап, І.Жансүгіров атындағы орта мектептің оқу-тәрбие жұмысының меңгерушісі қызметінде өзін қабілеттілігімен танытады. 1981-2003 жылдар арасында басқарған Қаракемер орта мектебі жыл сайын талапқа сай жұмыс істеп, аудан, облыс, республика деңгейінде жүлделі орындарға ие болды. 23 жыл ішінде 16 түлек мектепті «Алтын медаль» иегері атанады. Біз атап өткен цифрлар болғанымен, оның бедерінде қыруар еңбек, маңдай тер жатыр. Білім сапасы жоғары деңгейге жету үшін ең алдымен өз ісінің кәсіби біліктілігі жоғары, ізденімпаз, білім саласындағы жаңалыққа жаны құмар мұғалімдерді қалыптастырудан басталады. Білім кемесіндегі мұғалімдерді жұмылдырып, шәкіртке білім беруді жетілдіріп, жетістікке жетуге ұмтылдыру тағы бар. Шәкіртке білім беру саласындағы барлық талап орындалып, межеден шыға білген Н.Әміренованың еңбегі лайықты бағасын алды.



Ұстазымыздың жұбайы, ауылымыздың құрметті қариясы, зейнеткер Боданбаев Серікқазы бірнеше жыл Ішкі Істер бөлімінде қызмет істеген. Қызы-Боданбаева Ардақ облыстық прокуратурада прокурор қызметін атқарады.

Ұстаз құрметіне арналған шарада Ақсу аудандық Мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы, мектеп директоры Кабаев Ерғали Әбішұлы, қонақтар сөз сөйледі. Игі бастаманы қолдап, қос қария мен ауыл адамдарына бақ-береке тіледі.

Нұркүміс Әмірекқызы мектеп ұжымына, шараны ұйымдастырушыларға, демеушілерге, шәкірттері



мен туған-туыстарына алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

— Бала кезде дәрігер болуды армандап едім, алайда, біздің отбасы ұстаздар әулеті болған соң осы жолды таңдап кеттім. Бірақ құдіретті ұстаздық жолды таңдағаныма ешқандай өкінбеймін. Қайта бақыттымын, – деді.

**Дина АБИЛМАЖИНОВА,**
**Жетісу облысы, Ақсу ауданы,**
**«Қаракемер орта мектебі,**
**мектепке дейінгі**
**шағын орталығымен»**
**КММ-ң қазақ тілі**
**мен әдебиеті пәнінің**
**мұғалімі**

## 25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ:

# ТАРИХ ҺӘМ ДЕРЕК

**Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,**
**тарих ғылымдарының докторы, профессор:**

*«25 қазан еліміз үшін, тәуелсіздігіміз үшін – маңызды дата. Біз 25 қазанды асыға күттік. Қабылдағанда қатты қуандық. Содан бастап өзімізді тәуелсіз ел сезіне бастадық. 1991 жылы тәуелсіздік заңы қабылданды. Бүгінгі күні президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл мерекелік датаны қайта жаңғыртып, ерекше мәртебе беруі - өте құптарлық қадам деп есептеймін».*

Республика күні жай күн емес, яғни Қазақстан Тәуелсіздік алуына жол салған ерекше күн. Осы күнде жүрегі қазақ деп соғатын әрбір Қазақстан азаматының кеудесін мақтаныш кернеп, еліне деген сүйіспеншілігі жүзінен байқалады. Бұл күнді мемлекеттік мерекелер қатарынан алып тастағанымен орны ойсырап, біліну тұратын еді, себебі тарихи маңызы ерекше. Республика күнінің тағы бір ерекшелігіне дәлел, бұл мейрам – ұлттық мереке. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Жарлығында ұлттық мерекеге тек Республика күні жататыны айтылған. Басқа іс-шаралар мемлекеттік мерекеге кіреді.




Еліміздің тарихына үңілсек, Республика күні мемлекеттік мереке болып алғаш рет 1995 жылы қазанда жарияланған. 1990 жылы осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Аталған заңда 2009 жылы кейбір өзгерістер енгізіліп, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, 25 қазан – Республика күні мерекелік күндер күнтізбесінен алынып, күнделікті жұмыс күніне айналды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылдың 16 шілдесіндегі Ұлттық Құрылтайда Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі туралы: «...Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек...» - деген еді.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек.



Нәтижесінде, ҚР Парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға өзгерістер енгізді. Республика күні 25-ші қазан болып қайта тіркеліп, ел мәртебесі еңсесін көтеруде.

**САТТЫБАЕВА Еркенур,**
**Абай атындағы РММИ**
**11 «Б» сынып оқушысы.**
**Алматы қаласы**

**Дереккөзі: El.kz;**
**сурет - KazIslam.lz**

# «Қыз Жібек» фильмінің 50 жылдығына орай басты рөлдегі актерлер көрерменмен кездесті



**18 қазан күні «Қыз Жібек» кинотуындысына арналған деректі фильмнің премьерасы өтті. Оған фильмнің басты кейіпкерлері – кино және театр актрисасы Меруерт Қаратайқызы Өтекешова, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, сценарист Инна Смайылова қатысты.**

Деректі фильмді түсіру туралы ой айтқан М.Өтекешова, ұлттық құндылығымызды дәріптеп, махаббат пен адамгершілік, адалдық пен бауырмалдылыққа толы, салт-дәстүріміз толық сақталған «Қыз Жібек» фильмі арқылы ең алдымен жас ұрпақты тәрбиелеуге тамшыдай болса да үлес қосу мақсаты екенін айтып өтті. Шамамен XVII ғасырда жазылған «Қыз Жібек» дастаны негізінде түсірілген фильмнің көрерменмен қауышқанына жарты ғасырдан асып барады. Иә, деректі фильмді түсіру идеясы Төлеген – Құман Тастанбековтікі болыпты. Алайда актер өмірден 2017 жылы озғандықтан, деректі фильмнің аяқталу сәті бүгінге бұйырған.

«Қыз Жібек» фильмін 1969-1970 жылдары ауылдың клубында көріп, ол клубқа ауыл адамдары сыймай далаға шығарып қойып, көрген едік. бүгінде отбасымен отырып көретін фильм экраннан түспей келеді.

Аңыз адам Асанәлі Әшімов көрермендер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Жиналған көпшілікке фильмнің түсірілуіндегі қиыншылықтар. Кейіпкерлерді таңдау, «Қыз Жібек» дастаны жазылған ғасырдағы қазақтардың киім киісі, тұрмыс-салт, әдет-ғұрпы жайлы айтып, фильмде сол заманға лайық кадрлар түсіруге көп мән берілгеніне тоқталды.

Қыз Жібек рөлінде ойнаған «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс, профессор Меруерт Өтекешева екеуінен басқа актерлер о дүниелік болып кеткендіктен, олар туралы да жылы тебіздер айтылды. Қазіргі кезде кино түсіру оңай, ауыр аппараттарды арқалап жүрмейсің. Ең бірінші Бекежан роліне 7-8 адам құжат тапсырып, кастингтен өткен екен. Төлегеннің роліне 12 адам, ал Жібек роліне 500 тарта қыз келіншектер таласқан екен. Меруерт Өтекешева: «Мен 10 сыныпта оқып жүрген кезім, мектепке келіп мені көріп, студияға келуімді сұрады. Бардым. Мені әртүрлі кескінде суретке түсірді. Жұдырығым түюлі болды, өйткені үйге қайтуға алып шыққан 5 тиынымды қайда қоярымды білмегенін айтты.

— Әкем Қаратай соғыс ардагері қауіпсіздік комитетінде қызмет еткендіктен, қызмет бабымен әр қалаға көшіп жүрдік. Орыс мектебінде білім алдық. Бірақ үйдегі тәрбие қазақша болды. Маған суретші Гүлфайруз Исмайлова, Фарида Шарипова, Бикен Римовадай өнердегі қайталанбас тұлғалар көп көмектесті. Атқа шауып, шашу шашатын жер бар кинода. Сол атқа мінуді, шабуды екі айда үйрендім. Бірінші рет киноға түсуім. «Қыз Жібекке» түскенде арнайы актерлік факультетте оқыған жоқпын. Құманның қонтайшы туды алып қашқанда, қонтайшының атына секіріп мініп туды жұлып алатын эпизод бар. Режиссер Сұлтан Ходжиков сол жерді өзің ойлап табасың, сен жылқышының баласысың, саған сенеміз деген. Міне сол жерді Құман өзі жасады.

Фильмде тек қана Қыз Жібек пен Төлеген, Бекежан ғана емес өз заманының Кененбай Қожабеков, Мұхтар Бақтыгереев, Әнуар Молдабеков, Фарида Шәріпова, Қанабек Байсеитовтей танымал актерлері, драматургтер,



киносыншылар, сахна сыртында киноны түсіруге қызмет көрсететін көптеген мамандық иелерінің бірлесіп, жұмыла шығармашылықпен еткен еңбегінің жемісі.

— Кино саласына келген әрбір жас та жүрек пен жан тыныштығы болмаса актерлік шеберлікке үйрету мүмкін емес деп есептеймін. Сондықтан мен әрқашан жүректе толқудың болуына ерекше мән беремін. Маған қазір 70-тен астым, бірақ жүректегі толқу әрқашан менімен бірге, ал егер ондай толқуды жоғалтсаң, бұл күйге оралу қиын»,-деп Меруерт Өтекешова өзінің жас актерлерді шеберлікке шыңдап келе жатқан ұстаздық жолы туралы ойын да айтып өтті.

**Априза АЙТБАЕВА,**
**«Қазақстанның құрметті журналисі».**



# ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРІНІҢ ЖЕКЕ КӨРМЕСІ ӨТТІ

Сурет - жан әлемнің нұры. Қиял тереңдігі анық көрінетін өнер. Графика - сызықтан құралған өмір десек қателеспейміз. Осы графикалық өнерді ізденушілерге және көпшілікке насихаттау мақсатында шығармашылық көрме мен шеберлік сағаттарын жиі өткізу маңызды. Сондай бір елеулі оқиға ағымдағы жылдың 8 қазанында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде мектеп пен университет арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Сызықтардағы өмір» көркем туындылар көрмесі мен «Жасанды интеллект дәуірінің ұстазы бол» тақырыптарында ерекше шеберлік сағаты болып өтті.

Іс-шараның басты қонағы – Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, Еуразия суретшілер одағының мүшесі, суретші-иллюстратор және 39-мектептің көркем еңбек пен сызу пәнінің мұғалімі Тастемирова Мейраш Мызабековна. Шеберлік сағатында Тастемирова Мейраш өзінің шығармашылық жолымен және университетте алған білімі оның кәсіби дамуына қалай ықпал еткені туралы әңгімеледі. Ол графикалық өнердегі тәжірибесімен бөлісіп, жасанды интеллект дәуірінде ұстаз болудың жаңа қырларын талқылады. Іс-шара барысында студенттер мен мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытатын педагогикалық әдістер-тәсілдер көрсетілді.

Жаңа технологияның сурет әлеміндегі бүгінгі ролі сөз болды. Шығармашылыққа баулыған іс-шараны ОҚПУ-дың кафедра деканы Қуандық Ералин ашып, суретшінің шығармашылық жұмыстарын жоғары бағалап өтті. Сонымен қатар, Бүркітбаев Талғат ұлағатты ұстаз, сұлулыққа құмар суретшінің кәсіби және шығармашылығындағы ерекшелікті атап көрсетіп, графика мен дизайн саласындағы соңғы жаңалықтар жасаудағы Мейраш Мырзабековнаның табандылығына тәнті екенін жеткізді. Әрі студенттерге педогогикалық озық идеяларды таныстыра білгені үшін ризашылығын білдірді. Іс-шараға қаламына құт қонған суретшінің өнеріне тәнті жандар көп жиналды.

Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің оқытушылары, еліміздегі үздік жүз оқырманының бірі және ректор грантының иегері Рахматулла Мардан бастаған студенттер тобы, Шымкент қаласының түрлі мектептерінің ұстаздары Ақбөпе Сахова, Зина Аблаева, Индира Аликулова,



Ақмарал Ташимова, Табиғат Жантасова т.б және 39-мектептің кәсіподақ төрайымы Гауһар Сабденова, "Қызмет" республикалық газетінің ұжымы қатысты.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушылары мен ұйымдастырушылар кафедра өкілдері Тұрсынхан Маханов пен Ғалымжан Сарыбаев та қолдау көрсетіп, өз ықыластарын білдірді. Талай жас ақын -жазушылардың жыр жинақтарына мұқаба суреттерін салып, қаламгерлердің шығармашылығын суретпен ұқтыра білген өнер иесінің әр күні толассыз ізденістерден тұрады. Сурет өнеріне өмірін арнаған жанның шабыты шалқып, өнері аспандай берсін!

**Ерлер Алмас,**
**Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ**
**1 курс студенті. Шымкент**

# ҰСТАНЫМЫ БИІК ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

**Адамға деген сүйіспеншілік. Сенім. Жүрек пен сана үндестігі. Оқу мен оқыту, үйрену мен үйрету. Бұл – педагогиканың алтын ережесі. Мұғалімдік мамандық болғанымен, оның қадір-қасиетін асқақтатып, шәкіртіне шырақ жағатын ұстаздық жолдың бағамы бөлек. Біздің өмірімізде тұлға болып қалыптасуға әсер еткен, бағдар көрсетіп, бағыт сілтеген аяулы жандардың көш басында ұстаздарымыз тұр. Білімнің қара шаңырағына айналған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетінде оқып жүрген кездерде тіл білімі бойынша оқу пәнін жүргізіп, өз ісін жанындай жақсы көріп, студенттерді ізденуге үйреткен үздік оқытушылар бір шоғыр еді. Соның бірі – Малик Майра Маликқызы.**

Майра апай студенттерді, біздерді, ғылым жолына келген білімгер үшін адалдық пен табандылық ең басты дүниенің бірі болуы тиіс екеніне үйретті. Көбірек мазмұндаудан арылып, оқыған дүниені салыстырып, талдай білудің маңыздылығын ұғындырды. Мектеп кезінде тек бір оқулық не әдебиеттен ғана оқуға үйреніп қалған біздерді жан-жақты ғылыми еңбектерді, ғалымдар пікірін ортақ сараптай отырып, қорытынды жасауға дағдыландырды. Әуел баста бұл үрдіске үйрене алмай жүрген біз бірте-бірте кітапхананың тұрақты оқырманына айнала бастадық. А.Байтұрсынұлы, С.Мырзабеков, І.Кеңесбаевтың фонетикаға қатысты зерттеулерінен бүгінгі көзқарастарды қамтып, оқу пәнінен теориялық әрі тәжірибелік білімімізді молайттық. Майра апайдан тілге деген құрмет, жанашырлық бірден білініп тұратын. Студенттерге тілге деген махаббат, құрмет әуелі өзімізден басталуы керек екенін үнемі ескертіп отыратын, талап ететін. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының сөзін ескерсек, болашақ тіл мамандары үшін ұстанар басты қағида – тіл тазалығын сақтап, қолданысын кеңейтуге атсалысу. Шынында, бұл – өмірлік кеңес. Шұрайлы тілдің ширайын келтіріп, беделін биіктетуді әрбір азамат өзінен бастауы тиіс.

Ерін үндестігін сақтау, ырғақтық топтар, дыбыстық құбылыстар т.б. өтілген тақырыптар әлі санамызда жаңғырып тұр. Абай өлеңдерін алып семинарларда талдап жататынымыз кешегі күні өткендей есте қалыпты. Халқымыздың «Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем бер» деген нақылы осындайда болса керек. Ұстазымыздың еңбегі, жол көрсетуі – біздерге бұйырған бақыт. Бүгінде Майра апаймен мектеп ұжымында әріптеспін, шәкіртпін. Жақсы ұстаздардан алған тәлімді жақсы ұстаз болуға тырысып, өмірлік мақсаттарыммен қабыстыра, бәлкім, аз да болса адамшылық борышымды өтермін деген ойға тоқталамын. Мамандықты бітіріп, мектептегі кәсіби жолымды, ұстаздық қадамды бастағанда қолдап, кеңесін аямаған ардақты ұстаздан алғаным көп.

Майра апай – білім беру саласында өнімді, нәтижелі қызмет атқарып келе жатқан ұлағатты ұстаз. ЖОО білім беруден бөлек, орта білім беруде мұны айғақтайтын «Дарынды ұстаз», «Үздік ұстаз» төсбелгілері, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Алғыс хат», «Құрмет грамотасы», ҚР Оқу-ағарту министрлігі «2022 жылдың Үздік педагогі» иегері, ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі, куәлік иегері сынды жетістіктері жетерлік. Ең бастысы, оқушы қабілетін ашып, талантын шыңдауға барын аямайтын ұстаз. Шәкірттерін республикалық ғылыми жобалар конкурсы, олимпиадаларға, шығармашылық байқауларға қатыстырып, шабыттандырып, қуат сыйлап жүреді. Алғашқы педагогикалық еңбек жазғандардың бірі М.Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой», – деген. Келешек өміріне білім мен тәрбиенің іргетасын қалайтын ұстаздық жол заманының озық ойлы, бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастыруға қызмет етеді. Майра апайдың білім алушылардың рухани және тұлғалық қалыптасуына, ғылым жолының баспалдығына жетелеп келе жатқан еңбегін бүгінде әріптес ретінде де көріп, үлгі аламын.

Мұғалімді жақсы ұстаз атандыратын немесе өз ісінің үздігі жасайтын – оныңжүйелі білімі мен педагогикалық шеберлігі ғана емес, бала оқыту, тәрбиелеу ісіне деген адалдығы және ізденісі. Майра апай – үнемі ізденісте жүретін жаңашыл педагог. Мектепте ұйымдастырылатын «Педагогикалық тәжірибелер көрмесіндегі» әдістемелік-шығармашылық жұмыстары – мұның дәлелі. Атап айтқанда, 2023 жылы М.Маликқызының бастамасымен мемлекет және қоғам қайраткері Д.Қонаевтың нақыл сөздерінің жинағы құрастырылып, қазақ, орыс, ағылшын, түрік, ағылшын тілдерінде жарық көрді.



**Тұрлыбай Айша Нұрболатқызы,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистрі,**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,**
**Абай атындағы РММИ,**
**Алматы қаласы**





# МЕДЕУ ПҰСЫРМАНҰЛЫ ХАҚЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

**(Мақаланың басы журналдың 2023 жылғы шілде, №07 (47) нөмірінде жарияланған).**

Қаладағы селекционер Н.Т.Моисеевтің бағынан 1913 жылдың көрмесі үшін іріктеліп алынған апорт алмасының салмағы 3 фунтқа (1 фунт – 409,5 грамм) дейін жетті. Барлық талаптарға сәйкес өсірілетін болса, апорттың "Император III Александр" сорты қазіргі кезде де жемісінің көлемі мен әдемілігі жөнінен алдыңғы орынды бермейді. Бірақ жаңа сорттың басты құраушысы - жабайы алма ағашы біздің тау бөктерлерімізден жойылып барады. Алматы маңайындағы тау бөктерлерін табиғаттың өзі алма ағашының жақсы өсуіне лайықтап жаратқандай: топырағының минералдық құрамы, күннің нұр шашу уақыты мен мөлшері, жауын-шашын мен қолайлы температураның мөлшері – керемет топырақ-климат жағдайларын түзеді.

Агроном-ғалым Теңізбай Қаймұратов «Алмалы» тәжірибе шаруашылығында басшы болған кезеңде 900-1000 граммға жететін апорт алмасын өсіріп, үлкен бақты күтіп баптаған. Медеуді Алматы апортының атасы деуге болады.

Орыс-қазақ мектептері жұртшылық арасында кең қолдау тапты. Верныйдағы ерлер гимназиясында арнаулы қазақ пансионы жұмыс істеді. 1896 жылы гимназиядағы 226 оқушының 22-сі қазақ балалары болды. Верныйдағы бағбандық училищеде де ауыл қазақтарының балалары оқып, білім алды. Медеу бұл оқу орындарына ауыл-ауылдан балалар іздеп, тауып әкеліп оқытты.

Осы кезде Алматының жасыл желекке бөленуіне үлкен еңбек сіңіргендердің бірі – Эдуард Оттанович Баум (1850-1921). Ол Медеумен құрдас, дос, жегжат болып, Алматыны абаттандырып, бақ өсіруді бірігіп қолға алды. Атақты ғалым 1892 жылы "Қазына бағын" (Баум тоғайы) жасайды. Үш жарым шақырымға созылған бұл тоғай қазірде қала халқының демалатын жері болып отыр. Қала көшелерін қуалай ағатын арық және Абай даңғылындағы бас арық та Баумның ұсынысы бойынша 1894 жылы салынған және қаладағы барша үй иелері өздерінің тұрған-жайларының маңына екі қатардан белгілі бір ағаш тұқымдарын отырғызуы тиіс (емен, жөке, қайың, итальян қарағашы, пирамида тәрізді терек, ақ терек, тағы басқалар), қара теректі отырғызуға тыйым салынған. Себебі қара теректен ұшқан ұлпалар көшені әрдайым ластайды екен.

Медеу Пұсырмановтың қала салынуына араласқан тұсы XIX ғасырдың сексенінші жылдары. Верныйдағы белгілі-белгілі адамдармен араласып, сыйластықта өмір кешуі және де атақты ғалым, ұлты неміс Э. О. Бауммен ерекше достасады. Осы тұста Медеу Пұсырманұлы Жетісу губернаторының атына хат жазып, Кімасар аңғарының бойындағы генерал Г.А.Колпаковскийдың жер сілкінісінен құлап қалған саяжайының жанына үш ағаш үй салуға рұқсат сұрап, сол үшін де 1897 жылы 20 түп ағаш сатып алып, олардың құрылыс қажетіне дайын тұрғанын айтады.

Бұл өтінішке орай губернатор: «Верный уезінің басқармасына, Сіздің қарамағыңыздағы уездің қазағы

Медеу Пұсырманов қала барлауыңызды – шаруаға қажетті үй салуға жалпы еш әкімшіліктің қысымынан қорықпай әрекет етуге толық мүмкіншілігі бар” деп жауап қайтарады. Осылайша Медеу қазіргі “Медеу” қонақ үйі қоныстаған орында ағаш үй салу ісіне кіріседі. Бірақ Медеудің таудағы саяжайы құрылысы 1898 жылы сәтімен аяқтала қалған жоқ. Осы тұста Медеу тағы бір хатты Жетісу облыстық әскери губернаторының атына 1998 жылы 20 қарашада жазған. Ол хатта: “Жоғарғы Мәртебелі тақсыр, Сізге Кардондағы саяжайды ағаштан бес бөлмелі үй салып жатқандығымды хабарлай отырып, төбесін қаңылтырмен шатырлатып, біржолата аяқтау үшін қажетті ағаш бөлсеңіз екен деп өтінемін. Жол жүріп кетуіме себепті биылғы жылғы ағаш саудасына қатыса алмауым, ағашқа жәрдем етпесеңіз, төбесі ашық үй жауын-шашынмен ұзамай шіріп кетуі мүмкін, сондықтан дауыл құлатқан он түп ағашты, қыс түсе қармен сүйреп жеткізіп алсам деп едім, орманшылар билетсіз ағаш босатпайды”. Осы өтінішке жауап сол 1898 жылы 28 қарашада Жетісу облыстық Мемлекеттік мүлік басқармасы арқылы ағашқа рұқсат беріледі де Медеу Пұсырмановтың саяжайы салынып бітеді. Бір айта кететін жағдай қазіргі “Медеу” қонақ үйі (1974 жыл, архитекторы – В.З.Кацев) орнында сәулеттік бітімі келіскен ағаш үй, XX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін қаз-қалпынша сақталған.



Ағаш үйдің сыртқы ішкі пішінін ойша шолғанда үйдің жобасын сызуда екі адамның есімдерін айтуға болады. Соның алғашқысы орыс азаматтығын қабылдаған ұлты француз Павел Васильевич Гурд. Медеудің таудағы саяжайын тұрғызуға қатысқан екінші адам талантты архитектор әрі әскери инженер А.П.Зенковтың әкесі – П.М.Зенков болған. Ал оның баласы Андрей Зенков Медеумен достық қарым-қатынаста болған. Қазақша таза сөйлейтін қазақтардың ортасында көп болуды ұнататын белгілі сәулетші А.П.Зенковтың қазіргі “Целинный” кинотеатры орын тепкен орында бой көтерген Медеу үйінің жобасын сызып беруі де сол жақын білістіктің бұлтартпас дәлелі. Масаншы мен Қабанбай көшелерінің қиылысындағы Медеудің төрт ағаш үйіне қосымша монша тұрғызған (біреуі бес бөлмелі), барлық үйлердің төбесі қаңылтырдан жабылған. Бұл сол кездегі ең әсем, ғажап құрылыс саналған.

Медеу Пұсырманов өз тұсында генерал Г.А.Колпаковский, бағбан-ғалым Э.О.Баум, атақты архитектор А.П.Зенков сияқты белгілі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болған. 1905-1906 жылдары Медеу Пұсырманов Меккеге сапар шегеді. Ол Меккеден қайтар жолында Петербургке соғып, сонда түскен фотосуреттің бірін Верныйды аралағанда Зенковқа сыйға тапсырған.

Медеу 1906 жылы Меккеден оралғанда Верный қаласында 27 мың тұрғыны бар кішігірім қала кейпінде болатын. Қаладағы тұрғындардың арасында қазақтардың жалпы үлес саны 5 пайызға әрең-әрең жететін еді. Қажы атанып келген Медеу қазақ қоныстанушыларға мейірімі артып 1900-1907 жылдар аралығында жұмыс істеген Ағарту қамқоршылардың Верный қоғамына жәрдемдескен, қалаға қазақтарды көшіріп әкеліп, үй соғып беріп, түпкілікті қоныстандыруға айырықша ден қояды.

Медеу Герасим Алексеевич Колпаковскийімен (1819-1896 жылдар) жақын аралас, жақсы пікірлес болғандығын Медеуге қатысты деректердің қай-қайсысы да қуаттайды. Г.А.Колпаковский 1867 жылдан бастап Жетісу губернаторы әмбе казак әскерінің бірінші атаманы болғандығымен ғана емес, қайта әскери қызметте жүріп қазақ халық өкілдеріне біртабан болысып, жақын жүргендігімен де белгілі. Халқымыздың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов өмірінің соңғы күндеріне дейін онымен хат-хабар алысқан. Шоқанның көптеген қолжазбаларын, жарық көрмеген еңбектерін, хаттарын жинастырып ықтиятты түрде Г.Н.Потанин, Н.И. Веселовскийлерге жолдау, Шоқанның қабіріне ескерткіш орнатуда Герасим Алексеевич табандылықпен қамқорлық көрсеткен. Жетісу өлкесінде жүргізілген Г.А.Колпаковскийдің өмірбаяндық, әскери қызметі және жеке өміріне қатысты деректерді жинастыру науқанына қатысушылардың жуан ортасында Медеудің есімі өте жоғары сатыда айтылатынын айта кету жөн.

Верный 1900 жылдың бас кезінде дворяндық патшалық шенеуніктердің, бай-манаптардың провинциялық қаласы болып қала берді. Пугасов, Иванов, өзге де ірі көпестердің шарап және сыра зауыттары, Колпаков пен Пестовтың тері илейтін ұсақ кәсіпорындары – Верныйдағы негізгі-негізгі өндіріс ошақтары болды. Мұның үстіне екінші бір қиырдан, Жетісу жәрмеңкелерінде сан мыңдап мал сатып алып, жүн, тері шикізатын өндіретін Тәжібай Малдыбаев, ағайынды Қуанышевтер, Медеу Пұсырманов секілді кәсіпкерлердің есімі елге жайылды.

1905 жылы Верныйда Медеудің қолдауымен Орманшылар мектебі тұрғызыла бастағанда “Медеу қыстауы” делінбей “Медеу шураты” деп көрсетілген. Кейін де Орманшылар мектебіне құрылысшы мамандығы бойынша оқушылар қабылдайтындығы жөніндегі хабарламада “Медеу шураты” деп анық жазылған.

**Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,**
**жазушы, Алматы облысының**
**Құрметті азаматы**
**дереккөзі: «Әділет» газеті, 15 наурыз, 2018 жыл,**
**(Жалғасы бар).**
**Дереккөздері: суреттер mail.ru; e-history.kz**

# ТАМАМ ЖҰРТҚА ТАНЫЛҒАН ТӨРЕҚҰЛОВ



1924 жылдың 24 сәуірінен 1928 жылдың шілдесіне дейін ССРО-ның Сауд Арабиясындағы елшісі татар Кәрім Хәкімов болды. 1928 жылдың шілдесінен 1935 жылдың 7 желтоқсанына дейін бас консул және өкілетті елшісі қызметін қазақ Нәзір Төреқұлов атқарды.

1935 жылдың соңынан 1937 жылға дейін тағы да Кәрім Хәкімов екі жыл бойы өкілетті елшісі болды, ал одан кейін 90-жылдарға дейін КСРО-да Сауд Арабиясында елшілер болмады. Бұл үзілістің себебі - Кәрім Хәкімов пен Нәзір Төреқұлов.

Нәзір Төреқұлов 1892 жылы қазан айында қазіргі Өзбекстандағы Қоқан қаласында дәулетті қазақ отбасында дүниеге келген. Алдымен медресені, кейін орыс мектебін бітіріп, Мәскеу институтының экономика факультетіне оқуға түсті.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Минск қаласында «Вольная степь» атты құпия қауымдастық ұйымдастырған, бұл ұжым революцияшыл көзқарастағы студенттер мен оқытушыларды біріктірді. Ақпан революциясынан кейін солшыл эсерлер партиясына кіріп, жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары кеңесінің хатшысы, сондай-ақ Түркістан Республикасының халық білім министрі болды. Қазан революциясынан кейін большевиктер партиясына кірді.

Көпшілік большевиктер партиясының қандай қорқынышты болатынын білмеді. Барлығы Ленин мен Сталиннің халыққа берген уәделеріне сенді — «жерді шаруаларға, халыққа бостандық». Алайда, нәтижесінде «сайлаушылар» мұның ешқайсысын алмады. Шаруалар мен Кеңес Одағының халықтары шын мәнінде жүйенің құлдарына айналды. Бірақ сол сәтте кейбір қазақтар жарқын болашаққа сеніп, халықты ағарту жұмыстарына белсенді кірісті.

Төреқұлов Қоқан депутаттар кеңесінің баспа органын — «Халық газетасы» («Халық газеті») шығаруға белсене қатысты, «Инкилоб» (Революция) журналының бірінші номерін шығаруды ұйымдастырды. «Просвещение и коммунистической культуры», «Хакикат» («Шындық»), «Билим очагы» («Білім ошағы»), «Туркмен ели» («Түрікмен халқы») және басқа да журналдарды шығаруға және редакциялауға қатысып, олар Түркістаннан алысқа — Қашғар, Құлдже, Поволжье, Бұхара, Хиваға дейін тарады. «Казах муны», «Ак жол», «Просвещение и коммунистической культуры» газеттерінің редакторы болды. Бұл деректің барлығы оның ресми биографиясында жазылған.

1921 жылдың мамырынан 1922 жылдың маусымына дейін Төреқұлов Түркістан АССР-ін басқарды. Ол кезеңде ұлттық бөлініс әлі болған жоқ, түркі халықтары біртұтас еді, Түркістан автономиясы Тынышпаевтың кезінде де солай болды. Ол дін мәселесіне сақтықпен қарады. Орталық Ресейде большевиктер шіркеулерді жойып жатқанда, Төреқұлов мұсылман заңы бойынша демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстыру туралы қаулыға қол қойды. Ол 20-шы жылдардың басында Құрбане айт мерекесін мұсылман демалыс күні ретінде енгізді.

1922 жылдан бастап Нәзір Төреқұлов Мәскеуге шақырылып, бүкілодақ көлемдегі жұмыстарға тартылды. Ол Мәскеуде жүріп те имандылық тақырыбын қаламына арқау етуді тоқтатпады. Бұл жайлы журналист Марфуға Шапиян: «Нәзір Төреқұлов

кеңестік атеизмнің келуімен Қазақстандағы Ислам дінінің тынысы тарылып бара жатқанын сезді әрі жоғалып бара жатқан иманын жоқтады. 1927 жылы «Муштум» басылымында жарияланған «Имандылық» атты жазбасында: «Ислам және коммунизм пәлсапасын һәммеге ұғындырмақта бір ғана өлшем болса керек. Имандылық, имандылық һәм имандылық. Мәскеуде тақуа болып күн кешірмектің жолын таппай өзім де қапалымын. Ахуалым әуелгідей емес, терең қиялға шомып, мұның себебін де дөп тапқандаймын, сол сәтте көзіме келеңсіз бір көрініс іліне кеткені. Ол немене деймісіз? Ол – иманнан жұрдай бола бастағанымыз», – дейді. Көптеген замандастары атеизмді жырлап кеткенде Нәзірдің Мәскеуде жатып, биліктің бір шетін ұстап жүріп, мұндай сөз айтуы – ерлік» деп жазады.

Нәзір 1926 жылы Бакуда өткен I Бүкілодақтық түркология съезіне қатысты, ал 1928 жылы латын негізіндегі түрік алфавитінің авторларының бірі болды. 1927 жылдың 15 желтоқсанында ССРО Орталық Атқару Комитетінің Президиумы Төреқұловты Хиджаз корольдігінде (Сауд Арабиясы) ССРО-ның өкілі етіп тағайындады.

Нәзірдің Саудиядағы қызметі кезінде совет елшісінің беделі артты. Ол арабтар үшін британ дипломатын екінші жоспарға ығыстырды. 1931 жылы ССРО Сауд Арабиясына 100 мың тонна мұнай өнімдерін жеткізу туралы тұңғыш рет келісімшарт жасады, бұл мәселеде АҚШ, Британия және Голландия секілді жетекші батыс жеткізушілерін айналып өтті. Бұл істің басында Нәзір Төреқұлов жүрді.

Ал 30 жылы Нәзір Төреқұлов Сауд Арабиясының премьер-министрі, ішкі және сыртқы істер министрі, кейінірек король болған Фейсал ханзадасының ССРО-ға сапарын ұйымдастырды.

Нәзір Сауд Арабиясында совет дипломатиясы үшін жұмыс істеп жатқанда, Қазақстанда оның халқына жасалған геноцит басталды. 1936 жылдың басында Төреқұловты Мәскеуге шақырды, ал бір жылдан кейін тұтқындады. Оған Рысқұловпен байланыс орнатты, Түркия тыңшысы болды деген айып тағылды. Алаш жетекшілері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлын қамқорлыққа алып, баспаға қызметке тартқаны да өзіне жала болып жабысты.

1937 жылдың 3 қазанында Нәзір Төреқұлов Мәскеу түрмесінде азапталып өлтірілді. Денесі Мәскеу түбіндегі Коммунарка қорымына жерленеді. Нәзірдің азапталып өлгенін білген Сауд Арабиясының королі Әбдел-Әзиз әль Сауд досының осыншалықты күйде өлтірілгеніне ашынып, ССРО-мен дипломатиялық қатынастарды үзуді бұйырды. Нәзір атылғанынан 24 күн өткен соң, Кәрім Хәкімов та ұсталды. Ал 1938 жылдың 10 қаңтарында ол да атылды.

Тағы екі айдан кейін, 1938 жылдың наурызында Сауд Арабиясында мұнайдың үлкен қорлары табылды. Сол жылы саудиялықтар қазақ пен татардың өлімінен кейін ССРО миссиясының барлық қызметкерлерін өз елдерінен қуып, 53 жыл бойы олармен байланысты түбегейлі үзді.

Нәзір Төреқұлов шебер дипломат ретінде өз мемлекетінің беделін лайықты дәрежеде ұстап тұру, оның саяси, сауда-экономикалық, басқа да мақсаттарын табанды түрде қорғау және аса қажетті ақпараттарды дер кезінде ой елегінен өткізе білу сияқты салаларды терең меңгеріп, осыларды өз қызметінде бұлжытпай орындап отырды. Ол сол кезеңде өзі төтенше және өкілетті елшісі болып отырған Кеңес Одағының беделін көтеруге күш салды, әр түрлі дәрежедегі келіссөздерді біліктілікпен жүзеге асырып отырды.

Нәзір Төреқұлов 1958 жылы ақталғанымен, совет заманында ол туралы зерттеулер мен ізденістер жоқтың қасы болатын. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ ғалымдары Нәзір Төреқұлов туралы жан-жақты зерттей бастады. Түркістанда алғаш рет 1996 жылы Нәзір Төреқұловтың 105 жылдығы кең көлемде аталып өтті.

Қоғам қайраткері Ыбырай Ысмайылов – Нәзір Төреқұлов туралы ізденіп, Өзбекстан, Ресей тіпті сонау Сауд Арабиясына дейін іздеп барған азамат. Осы ізденістің нәтижесінде Түркістанда Нәзір Төреқұловтың атына мектеп, мешіт-медресе, кітап үйі ашылып, қаланың ортасынан Нәзір Төреқұлов атына көше берілді және музейі ашылды.

Қазақ дипломаты туралы архивті 1997-1998 жылдары Ресейдің Сыртқы істер министрі Евгений Примаковтың қолдауымен Қазақстан елшісі Тайыр Мансұровқа табыс етілді.

**Автор: Нұрлан НҰРЫШОВ**
**Qazaqstan tarihy – e-history.kz**



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,**
**Қазақстан Республикасының Президенті:**

*"Бердібек Соқпақбаев қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Ардақты азаматтың есімін ұлықтап, еңбегін ел жадында жаңғырту – бәрімізге ортақ парыз. Осы орайда, жазушының 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндері тізбесіне енгізілуі және туған жерінде сәулетті ескерткішінің бой көтеруі – әйгілі сөз зергеріне деген қадір-құрметтің белгісі. Қаламгердің өзіне ғана емес, оның кейіпкеріне ескерткіш орнату – өте сирек кездесетін оқиға. Астана төрінде тұрған Қожаның мүсіні Соқпақбаев шығармашылығының ұлт руханиятында ерекше орын алатынын көрсетеді".*

# Жазушы туралы ой-пікірлер

**Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына – 100 жыл. Осыған орай дарын иесінің туған өлкесінде дүбірлі той басталды. Оның әдеби әлемі «ЮНЕСКО», «ТҮРКІСОЙ» көлемінде атап өтіліп жатыр.**

**Жазушының туындылары қазақстандықтармен бірге бүкіл әлем оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп, әр буынның жадында сақталатын құнды дүниеге шығарма желісімен түсірілген кинокартина 1967 жылы Канн қаласында өткен балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің халықаралық кинофестивалінде дипломант атанды. Қаламгердің "Менің атым Қожа" повесінің 68 тілге аударылуы соның жарқын көрінісі.**

**Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылында классик жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шарада Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқыды.**

